

ҚАРАЛДЫ:

Абай облысының білім басқармасы ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК ғылыми-әдістемелік кеңесінің отырысы
«31» тамыз 2026 ж.

БЕКІТІЛДІ:

Абай облысының білім басқармасы
ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК директоры
Ж. Ныязбекова
«02» қыркүйек 2026 ж



Жалпы білім беретін және облыстық мамандандырылған мектептердің 5-11 сынып оқушыларына арналған «Әлем таныған Әуезов. Әуезов әлемі» облыстық шығармашылық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептер оқушыларының арасында өткізілетін «Әлем таныған Әуезов. Әуезов әлемі» облыстық байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық қызметін, өткізу тәртібін, қатысушыларын және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқаудың ұйымдастырушылары: Абай облысы білім басқармасының ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК

1.3. Өту мерзімі: Байқау көрсетілген бағыттар бойынша 2 кезеңде:

- 1 кезең аудандық/қалалық кезең: қыркүйекте;
- 2 кезең облыстық кезең: қазанда өткізіледі.

2. Байқаудың негізгі мақсаты мен міндеттері

2.1. **Мақсаты :** ұлы жазушы, филология ғылымдарының тұңғыш докторы, ғылым қайраткері М.О. Әуезовтың шығармашылығын дәріптеу, әдебиет әлеміне қосқан рухани мол мұраларының құндылықтарын халыққа жеткізу және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту.

2.2. Міндеттері:

- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;
- кітап оқуға қызығушылықты арттыру;
- балалардың дүниетанымын кеңейту;
- тілдік мәдениетін жетілдіру.

3. Байқаудың қатысушылары

3.1. Байқаудың облыстық кезеңіне аудандық және қалалық кезеңнің жеңімпазы атанған жалпы білім беретін және облыстық мамандандырылған мектептердің 5-11 сынып оқушылары қатыса алады.

4. Байқауды ұйымдастыру

4.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

Ұйымдастыру комитеті:

- байқаудың жалпы өткізу тәртібін анықтайды;
- байқаудың жалпы өту мерзімі мен орнын анықтайды;
- тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- байқауға қатысу үшін өтінімдерді қабылдайды;
- байқаудың қазылар алқасының құрамын жасақтайды;
- байқаудың жұмыстарын бағалайтын критерийлерді анықтайды;
- талдайды және қорытындылайды;
- жүлдегерлерді марапаттайды.

4.2. Сарапшылар алқасы құрылады.

- Қазылар алқасы байқаудың жұмыстарын бағалайды, қорытынды шығарады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

- Қазылар алқасы қорытындыны берілген бағалау критерийлер негізінде жүзеге асырады.

5. Байқау шарттары

5.1. «Әлем таныған Әуезов.Әуезов әлемі» облыстық байқауын төрағадан және алқа мүшелерінен (барлығы 5 адамнан кем емес) құралған қазылар алқасы бағалайды.

5.2. Қатысушылардың білімі мен өнерін бағалаудың өлшемдерін бекітеді;

5.3. Қатысушылардың білімі мен өнеріне талдау жасайды және он балдық жүйемен бағалайды;

5.4. Қатысушылардың білімі мен өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;

5.5. Жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды белгілейді;

5.6. Байқауға қатысқан жүлдегер ағымдағы жылы байқауға қатысуға жіберілмейді;

5.7. Әр мектеп ұжымының өткен жылғы қойылған сахналық қойылымдары қайталанбауы тиіс.

6. Байқауды өткізу тәртібі

6.1. «Әлем таныған Әуезов.Әуезов әлемі» байқауы төрт бағыт бойынша өткізіледі.

- 1) «М.Әуезов шығармаларынан сахналық қойылым»
- 2) «М.Әуезов шығармалары суретшілер көзімен» суреттер байқауы
- 3) «Заңғар жазушы ізімен..» номинациясы – эссе жазу байқауы

4) «Мұхтарға жыр арнау бір бақыт...» номинациясы - жас ақындар байқауы.

6.2. «М.Әуезовтің шығармаларынан сахналық қойылым» бағыты бойынша қойылым қала/аудан білім бөлімдерінің ұйымдастырған жеребесі бойынша анықталады. Тақырыпқа сәйкес әр қала немесе аудан бір үздік қойылым (7-8 мин) дайындап, қазылар алқасы назарына ұсынады.

Байқауда қойылатын қойылым тақырыптарының тізімі:

1. «Абай жолы» романынан Абайдың балалық шағы
2. «Абай жолы» романынан Абайдың оқудан қайтқан кезі
3. «Абай жолы» романынан Абай мен Тоғжанның қоштасуы
4. «Еңілік – Кебек» пьеса
5. «Қарагөз» пьеса
6. «Алма бағында» пьеса
7. «Шекарада» пьеса
8. «Сын сағатта»
9. «Намыс гвардиясы» пьеса
10. «Қынаптан қылыш»
11. «Тас түлек» пьеса
12. «Айман-Шолпан» пьеса
13. «Оқыған азамат»
14. «Бәйбіше - тоқал» пьеса
15. «Ақ қайың»
16. «Хан кене»
17. «Абай» пьеса
18. «Дос бедел дос»

Қазылар алқасы бағалау барысында:

- сахна мәдениетіне;
- өзін-өзі ұстау қабілетіне;
- орындаушылардың әртістік шеберліктеріне;
- этиюд құрылымы (басталуы, оқиға желісі, қақтығысы, шарықтау шегі, аяқталуы,) және ерекшелігі;
- орындау қабілетіне (дикциясы, екпіндеу тазалығы, әртістігі)
- киім үлгісінің үйлесімділігіне;
- жасалған сахналық бейненің шынайылығына;
- әдеби сөйлеу мен кәсіби рөлді сомдай алуына баса назар аударады.

6.3. «М.Әуезов шығармалары суретшілер көзімен» бағытында ұсынылған суреттер байқау мақсаттарына, міндеттеріне сәйкес келіп, тақырыпты ашуға тиіс;

- жұмыс кенепте, қағазда немесе картонда кез-келген техникада (акварель, гуашь, пастель, май, тушь және басқа материалдар) орындалады. Көлемі 1 метрден аспау керек. (Мысалы: 80*60, 70*60, 60*50, 50*40). Жұмыстарды инновациялық әдістермен жасау құпталады, жұмыстардың әрқайсысында оның қысқаша түсіндірме жазбасы болуы керек (жаңа бейнелеу өнер технологиялары, аралас техникалар, заманауи авангард стилистикасы);

- байқауға бір автордан бір жұмыс қабылданады;
- барлық жұмыстар жақтауланған (ағаш немесе пластик), олардың арнайы ілгіші болуы керек. Автордың аты-жөні, жасы, тұратын жері (қала, аудан, ауыл),

жұмыстың атауы, орындау техникасы, мектеп (изостудия), жетекшісі болса, аты-жөні және тегі көрсетілуі тиіс.

Қазылар алқасы мүшелері жас суретшілерге М. Әуезов шығармаларынан үзінді ұсынады және оны орындау техникасына сәйкес салуды тапсырады.

Жұмыс уақыты 120 минут.

6.4. «Заңғар жазушы ізімен...» номинациясы – эссе жазу байқауына 10-11 сынып оқушылары қатыса алады. Қатысушылар ұсынылған тақырып негізінде эссе жазады. Уақыт – 90 минут.

Бағалау өлшемдері:

- тақырып мазмұны ашылуы;
- идеясы;
- құрылымның сақталуы;
- тарихи деректерді пайдалануы;
- сауатты жазуы.

6.5. «Мұхтарға жыр арнау бір бақыт..» номинациясы – жас ақындар байқауы. (Ұсынылған тақырыптың біреуін тандайды, авторлық туындысын шығарады. Берілетін уақыт – 40 минут).

Бағалау өлшемі:

- сахна мәдениеті;
- өзін-өзі ұстау қабілеті;
- қатысушының сөз саптауы (көріктеу құралдарын қолдану);
- орындау қабілеті (дикциясы, екпіндеу тазалығы)
- киім үлгісінің үйлесімділігі.

7. Қаржыландыру

7.1. Жеңімпаздарды марапаттау қаржы шығындары бекітілген смета бойынша қаржыландырылады.

8. Қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау

8.1. Байқау қорытындысы abaidaryn.kz сайтында, Дарын орталығының инстаграмында жарияланады.

8.2. Байқаудың бағалау критерийлері (әрбір критерий бойынша ең көп балл санын және Байқау бойынша жалпы баллды көрсету).

8.3. Конкурс жеңімпаздарының саны байқаудың әр номинациясының қатысушыларының жалпы санының 45 пайызын құрайды. Жеңімпаздар I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Дипломдар саны мынадай пропорцияға сүйене отырып айқындалады: жеңімпаздар санының 50%-ы III дәрежелі дипломдармен, 30%-ы II дәрежелі дипломдармен, 20%-ы I дәрежелі дипломдармен марапатталады. Егер бірнеше қатысушы қажетті ең төменгі деңгейге сәйкес бірдей балл жинаса, қазылар алқасының шешімі бойынша жеңімпаздар саны көбейтіледі.

8.4. Барлық қатысушыларға қатысқанын растайтын сертификаттар беріледі.

8.5. Байқау жеңімпаздарын бағалау критерийлері мен жинаған ұпай саны бойынша қазылар алқасы анықтайды. Әр бағыт бойынша жеңімпаздар Абай облысы білім басқармасы «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК **I,II,III** дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

9. Жауапкершілік.

9.1. Іс-шараға қатысушылардың жол шығыны және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету аудан/қаланың басшыларына жүктелінеді.

9.2. Іс-шара өту мерзімінде қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты тұлға тағайындалады.

Байқаудың облыстық кезеңіне әр аудан/қаланың жеңімпаз командасы қатысады. Бір команда құрамында 8-10 адамға (оның ішінде көрініске қатысатын оқушылар саны 5 адамнан аспауы тиіс) дейін рұқсат етіледі.

Қатысушылар берілген үлгіге сәйкес өтінімді білім бөлімі басшысының, (мектеп директорларының) қолымен, мөрімен бекітіп, 2026 жылғы 12 қазанға дейін daryn.innovatsiya@mail.ru поштасына жолдауы тиіс.

Жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептердің 5-11 сынып оқушылары арасында өткізілетін «Әлем таныған Әуезов. Әуезов әлемі» облыстық байқауына өтінім

№	Қала /ауданы, мектебі	Оқушының аты- жөні	Қатысу бағыты (номинациясы)	Тақырыбы	Сыныбы	Жетекшінің аты- жөні, телефоны, e- mail

Қосымша ақпарат алу телефоны: 87027051925 (Куралай Толеугалиевна)